

Магистратураның «Мемлекеттік менеджмент» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: стратегиялық ойлау, тиімді шешім қабылдау және көшбасшылық құзіреттіліктеріне ие кәсіби басқарушыларды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- Өзгерістерге бейімделе білу және тиімді шешімдер қабылдау бойынша басқарушылық құзіреттіліктерді жетілдіру;
- Басқарудың инновациялық әдістерін енгізу қабілетін дамыту;
- Мемлекеттік ұйымдарды тиімді басқару.

Оқытудан күтілетін нәтиже:

Стратегиялық ойлау және көшбасшылық: көшбасшы бола білу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды түсіндіру, жаһандық деңгейде ойлау қабілеті, стратегия құру;

Шешімдерді талдау және қабылдау: қолда бар ресурстарды, туындауы мүмкін қауіп-қатерді және экономикалық аспектіні ескере отырып, шешім қабылдаудың балама нұсқаларын қалыптастыру және қарастыру (талдау) қабілеті;

Ынтымақтастық: стейкхолдерлармен қарым-қатынас құрудың, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің заманауи құралдарын енгізу;

Адалдық: мінез-құлықтың этикалық нормалары мен стандарттары сақталатын ұжымдық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ этикалық нормалар мен құндылықтарды енгізу;

Инновативтілік және өзгерістерді басқару: мемлекеттік органның (ведомствоның) қызметін ұйымдастыруға жеке жауапкершілік алу, қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді талдау және енгізу қабілеті;

Өз-өзін дамытуға ынталандыру: өз-өзін ынталандыру және жалпы ынталандыру үшін қажетті ортаны анықтау және қалыптастыру қабілеті.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Инновациялық трансформациялар менеджменті	5
	Мемлекеттік басқаруда мәліметтерді талдау негізінде шешім қабылдау	5
	Кәсіби коммуникациялар және көпшілік алдында сөйлеу (ағылшын/қазақ тілдері)/ Ресми-іскерлік қазақ тілі	3
	Ойындар теориясы	5
	МСҰМ мемлекеттік басқаруының өзекті мәселелері бойынша апта сайынғы Коллоквиум	1
	<i>Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МФЗЖ)</i>	5
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	24
2	Мемлекеттік қаржы және бюджет	5
	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	5
	Мемлекеттік сектордағы ақпараттық қауіпсіздік	5
	МСҰМ мемлекеттік басқаруының өзекті мәселелері бойынша апта сайынғы Коллоквиум	1
	Ұйымдастырушылық мінез-құлық	5
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>	2
	<i>Тағылымдама</i>	2

	<i>МҒЗЖ</i>	6
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	31
	Теориялық оқудың барлығы	42
	МҒЗЖ:	13
	• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса	11
	• Тағылымдама	2
	Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)	12
	Қосымша білім берудің барлығы	25
	МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	67